



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№3 (1916) 29 ҚАҢТАР 2024 ЖЫЛ



ҚазҰУ Қытайда ҒЫЛЫМИ- ИННОВАЦИЯЛЫҚ көрме өткізді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қытайдың Үрімжі қаласында тұңғыш рет ғылыми-инновациялық көрме өткізді.

Қытай Халық Республикасы Білім министрлігінің шақыртуымен ұйымдастырылған шараға жергілікті 196 университеттің ректоры мен ғылы-

ми-зерттеу орталықтарының басшылары, 600-ден астам Қытай университеттерінің өкілдері, 40 ірі өндіріс корпорациясының басшылары мен екі елдің дипломатиялық корпусы, ғалымдар мен кәсіпкерлер жиналды.

Қытай Халық Республикасының білім вице-министрі Сунь Яо, Қытай халықтық саяси консультативтік кеңесі Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы комитетінің вице-төра-

ғасы, Шыңжаң университеті парткомының хатшысы Сюй Сяньи бастаған Қытай делегациясы ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық жобаларына айрықша қызығушылық танытты.

Ауқымды шараға Қазақстан тарапынан ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмед-Заки, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев және 30-ға жуық ҚазҰУ ғалымдары қатысты.

ҚазҰУ халықаралық көрмеге келушілер назарына патент алынып және коммерцияландыру жұмысы жүргізіліп жатқан ғылыми-инновациялық жобаларды ұсынды.

Көрмеде ҚазҰУ-дың 90 жылдығы аясында ашылған химиялық гальваникалық қаптамалар шығаратын Chemical Coating innovations ғылыми-өндірістік орталығы өздерінің өнімдерін таныстырды.

Жалғасы 2-бетте

Қытайға жұмыс сапары барысында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бастаған ҚазҰУ делегациясы Үрімжі қаласындағы Шыңжаң медициналық университетіне барды.

Шыңжаң медициналық университетімен МӘМІЛЕ ЖАСАЛДЫ



Сапар барысында ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев Шыңжаң медициналық университетінің президенті Лу Ченмен кездесті. Тараптар ынтымақтастықты дамыту перспективаларын, сондай-ақ бірлескен ғылыми жобалар мен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру мәселелерін талқылады.

Жансейіт Түймебаев Лу Ченге оқу ордасының жетістіктері мен бүгінгі қызметі туралы ақпарат берді. Сон-

дай-ақ өз сөзінде ректор ҚазҰУ мен Қытай ЖОО-лары арасындағы байланыс қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бүкіл әлем бойынша университеттермен, институттармен, ұйымдармен, оның ішінде Қытай жоғары оқу орындарымен белсенді ынтымақтастықта.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен ҚХР Ғылым академиясы Шыңжаң экология және география институты арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев ҚХР Ғылым академиясы Шыңжаң экология және география институтының бас директоры Чжан Юаньминмен болашақта бірлесіп атқаратын жұмыстарды саралап, әріптестік бағыттарын дамыту жөнінде пікір алмасты.

Келісімде қоршаған орта және тұ-

Білікті ғалымдарды тарту жайы талқыланды

рақты даму ғылымдары саласындағы ынтымақтастық аясын кеңейту, оқу орындарындағы ғылыми орталықтар мен зертханаларды бірлесіп пайдалану қарастырылған. Құжат, бұдан бөлек, оқытушылар мен студенттер алмасуға, біріккен академиялық кездесулер, симпозиумдар, ғылыми мектептер өткізуге, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыруға мол мүмкіндік бермек.

Серіктес оқу орындарының мерзімді және ғылыми басылымдарында оқытушылар мен студенттердің ма-

қалаларын, баяндамаларын және басқа да ғылыми еңбектерін жариялау, PhD докторанттарға ғылыми жетекшілік ету үшін білікті ғалымдарды тарту мәселелері де қамтылған.

Келісім аясында бірлескен білім беру бағдарламаларын, оның ішінде қосдипломды бағдарламаларды әзірлеу, ортақ ғылыми жобаларды іске асыру, халықаралық, қоғамдық, жеке қорлар мен ұйымдар жариялайтын гранттарға бірлесіп қатысу көзделген.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



3-бет

Намазалы ОМАСШЕВ:
Ата жастағы
Alma Mater



4-бет

Жасампаздық
нәрі



6-бет

Ученые КазНУ
делились
передовыми
методами



Соңы. Басы 1-бетте

ҚазҰУ ғалымдары сондай-ақ дәрілік өсімдіктерден жасалған биологиялық белсенді қоспалар мен фитошайларды, бекіре балықтарын түрлі аурулардан емдейтін жаңа антибактериалды препараттарды ұсынды.

Сонымен қатар көрмеде Қазақстан ЖОО-лары арасында алғаш рет ҚазҰУ базасында құрастырылып, ғарышқа ұшырылған нано-ғарыш аппараты таныстырылды. Білім беру мекемелерінде ғарыштық робототехника мен STEM білім беру жүйесін дамытуға арналған «ALFASAT» инновациялық конструкторы да көрсетілді.

Университеттегі Қан тамырлары патологиясы орталығының ғалымдары көрмеде артериялық тамырлардың өткізгіштігін қалпына келтіруге арналған жаңа құрылғы мен инновациялық әдісін таныстырды.


Көрме жұмысы Қазақстан мен Қытай университеттерінің халықаралық ғылыми симпозиумына жалғасты.

Ауқымды жиынға қатысушылар білім-ғылым саласындағы ортақ мақсаттар мен ынтымақтастық бағыттарын, ҚазҰУ-дың ғылыми жобаларын коммерцияландыру мәселелерін талқылап, тәжірибе алмасты.

«Халықаралық көрме мен симпозиум жұмысы ғылыми платформа ретінде Қытай мен Қазақстанның ең талантты ғалымдары арасындағы өнімді ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашады. Бұл бастама нәтижелі қазақстандық ғылыми жобаларды өндіріске енгізу бойынша серіктестер тартуға зор үлес қосады деп санаймын», – деді ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмед-Заки.

ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев өз сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы Қытай Халық Республикасына екі рет – мемлекеттік және ресми сапармен барғанын атап өтіп, соңғы уақытта ел арасындағы тығыз ықпалдастықтың артып келе жатқанына тоқталды.

«17 мамырда және 17 қазанда Мемлекет басшысы



ҚазҰУ Қытайда

ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ

КӨРМЕ ӨТКІЗДІ

ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөздер жүргізіп, сауда-экономика, мұнай-газ, мұнай химиясы, энергетика, білім және ғылым, қаржы салаларындағы жан-жақты ынтымақтастығын дамыту мәселелерін талқылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына мамырдағы мемлекеттік сапары барысында ҚазҰУ базасында

Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын ашу туралы келісілді. 12 қазанда ҚазҰУ-да филиалдың салтанатты ашылу рәсімі өтіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін арнайы зертханалық сыныптар іске кірісті. 2023 жылдың 8 желтоқсанында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қытай университеттерінің көрмесі өтті. Шараны ҚазҰУ мен ҚХР

стипендиялық кеңесі және Алматы қаласындағы ҚХР бас консулдығы ұйымдастырды. Көрмеде Қытайдың 45-ке жуық ең үздік университеті академиялық қызметі туралы ақпарат беріп, ғылыми жетістіктерімен бөлісті. ҚазҰУ делегациясының Үрімжіге жұмыс сапары да ортақ ғылыми жобаларды тиімді іске асыруға, ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізуге, ынтымақтастықты жаңа бағытта дамытуға жол ашатынына сенімдімін», – деді ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев.

Симпозиум барысында ҚХР білім вице-министрі Сунь Яо, Қытайдың халықтық саяси консультативтік кеңесінің ауданы комитетінің вице-төрағасы, Шыңжаң университеті партия комитетінің хатшысы Сюй Сяньи, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының тұрақты партия комитетінің мүшесі Ван Цзянсин, Тяньцзинь педагогикалық университетінің

!!!
ҚазҰУ халықаралық көрмеге келушілер назарына патент алынып және коммерцияландыру жұмысы жүргізіліп жатқан ғылыми-инновациялық жобаларды ұсынды.

проректоры Бай Сюйцзюнь, Қытай инженерлік академиясының академигі, Шыңжаң университетінің профессоры Ушур Слам сөз сөйлеп, екі ел ғалымдарының өріптестігін дамытудың маңызы мен ҚазҰУ-дың инновациялық жобаларының өзектілігін атап өтті.

ҚазҰУ делегациясының Үрімжіге жұмыс сапары нәтижесінде Қытай Халық Республикасының Шыңжаң университетімен химия және химиялық инженерия, құқық, ақпараттық технологиялар, жерді қашықтықтан зондтау, академиялық және ғылыми ынтымақтастық бағыттары бойынша екіжақты меморандумдарға қол қойылды.

Сонымен қатар Шыңжаң университетімен Қытай-Қазақ жоғары оқу орындарының біріккен зерттеу орталығын ашу бойынша және Шыңжаң педагогикалық университетімен өзара түсіністік туралы келісім жасалды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Соңы. Басы 1-бетте

Бүгінгі таңда білім ордасы Қытайдың 57 жоғары оқу орнымен серіктестік орнатқан. ҚазҰУ-да қытайтанушы мамандарды даярлайтын Қытайтану кафедрасы мен Конфуций институты табысты жұмыс істейді.

Шыңжаң медициналық университетімен МӘМІЛЕ ЖАСАЛДЫ

ҚазҰУ ҚХР жоғары оқу орындарымен бірлесіп үш орталық ашты. Олар: Бейжің шет тілдер



университеті жанындағы Қазақстандық орталық, Шанхай университеті мен Бейжің тіл және мәдениет университе-

тінде Қазақстан орталығы», – деді ректор.

Сонымен қатар жүздесуде Жансейіт Түймебаев ортақ ау-

рухана және Шыңжаң медициналық университетінде ҚазҰУ-дың филиалын ашуды ұсынды.

Өз кезегінде Лу Чен арнайы жоғары оқу орнына келгені үшін ҚазҰУ басшылығына ризашылығын білдіріп, ШМУ тарихы туралы айтып берді.

«Шыңжаң медициналық университеті – Үрімжі қаласында орналасқан әйгілі медициналық орталық. Біздің университет 1957 жылы құрылды. Қазіргі уақытта Шыңжаң медициналық университетінде 28500 студент оқиды. Оқытушылар саны – 17 290, ал шетелдік студенттер саны 500-ден асады. Университет базасында 10-нан астам еншілес және 60-нан астам оқу ауруханалары бар, онда студенттер тәжірибеден өтеді», – деді Лу Чен.

Кездесу соңында ШМУ президенті ҚазҰУ-мен серіктестікті одан әрі жандандыруға ниетті екенін жеткізді.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шын мәнінде мүмкіндіктер мекені екеніне шетелдік жоғары оқу орындарымен көбірек танысқан сайын көзім жете түсті.

ЮНЕСКО жанындағы әлемдік бұқаралық коммуникация мен журналистиканы біріктіретін ОРБИКОМ ұйымының мүшесі ретінде бірталай дамыған елдерді аралап, біраз классикалық университеттерді көрдік. Тарихы терең, тәжірибесі мол сол оқу орындарынан алар үлгі, түйер түйін жеткілікті екен. Бірақ...

Иә, бірақ қолымды жүрек тұсына қойып айтайын: мен үшін ҚазҰУ-дың орны мүлде бөлек!

Бұл оқу орны – білім алғысы келетін әрбір қазақ баласының арманы!

Бұл оқу орны – осында дәріс беріп, мағыналы ғұмыр сүрсем дейтін белгілі ғалымдар мен даналардың арманы!

Бұл оқу орны – Алаш жұртының күмбірлеген кеудесі, тарихта қалар зердесі!

Бұл қалашық – әсем Алатау иығындағы алқаракөк шапаның құндыз жағасы!

Ол аз десеңіз, оған Орталық Азиядағы ұлттық университеттер ішіндегі флагманы деген атауын қосыңыз!

Сол себепті осы қара шаңырақта тіл және тәрбие жөніндегі проректор қызметін сегіз жыл атқарғанымды әрқашан мақтан етемін.

Әлі күнге дейін есімде, алдымен қызметтің бағытына қарай атқарылуға тиісті жұмыс жоспарын анықтап алу керек болды. Ол үшін студент жастарға тәрбие берудің концепциясын жасап, «Білім және еңбек» журналының екі санында жарияладық. Оны сол кездегі білім және ғылым министрі Шәмша Көпбайқызы Беркімбаева қолдап, жоғары оқу орындарында пайдалануды міндеттеді. Өйткені біздің студент жастарға жетпейтіні білім емес, тәрбие болатын.

Бірақ тәрбиенің түрі көп қой. Соның ішіндегі рухани тәрбиенің кемшін екені көзге бірден ұрып тұрды. Сол себепті Студенттер сарайынан Жастардың рухани орталығын аштық. Жыл сайын «Менің Қазақстаным» фестивалін өткізуді дәстүрге айналдырдық. «Қозы мен Баян» күнін, «ҚазҰУ аруы» байқауын өткіздік. «Біз» деген студенттік театр ашып, нашақорлыққа қарсы «Адаспаңдар!» деген спектакль қойылғанда көңілі құлазып, көзіне жас алған жастар аз болмады. «Той» деген спектакльді өзге оқу орындарының студенттері мен ұстаздарына дейін келіп көрді.

Наурыз мейрамына орай, Ректорат үйі мен Студенттер сарайы алдында және стадионда өткен ұлттық нақыштағы театрланған көріністерді қала жұртшылығы да келіп қызыға тамашалады.

2004 жылы президент Нұрсұлтан Назарбаев пен Румыния президенті Вацлав Клаустың университетке келуіне байланысты Студенттер сарайында бір жарым мыңнан аса студент пен оқытушылар оң қолдарын жүрек тұсына қойып, алғаш рет Әнұранды фонограммасыз орындағаны қонақтарға ерекше әсер етті. Осы дәстүр кейіннен «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» заңына енгізіліп, Әнұранды айтқанда қолды жүрек тұсына қою жалпыға бірдей міндетті саналды.

Дейтұрғанмен ол кездегі құрылыс ауқымы мен бүгінгі қалашықты салыстыруға болмайды. Қазір мұнда адамзат

өркениеті көшінен қалып қойғысы келмейтін әрбір жасқа қажеттінің бәрі бар: замана талап-тілектеріне сай жабдықталған оқу корпустарында 180-нен аса мамандық бойынша білім беріледі; олардың қақ ортасында 2 млн-дай қоры бар кітапхана орналасқан. Одан өзге, бүгінгі озық технологияның небір үлгілерімен жабдықталған оқу залдары да жетерлік; қалашықты айнала

Намазалы ОМАСHEB, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор

Ата жастағы Alma Mater

салынған әр мамандықтың өз алдына 14 жатақханасы бірінен бірі өтеді; осылардың дәл кіндігіндегі қызмет көрсету орталығы көпшілікке қолайлы жерде тұр. Ректорымыз Жансейіт Түймебаевтың айтуынша, келер жылы университет құрылысының екінші кезеңі басталмақ. Көп ұзамай, амандық болса, оның да куәсі болармыз.

Әрине, осыншама игіліктердің бірден орнай қалмағаны ақиқат. Оның бәрі халқымыздың маңдайалды азаматтарының қажыр-қайраты арқасында біртіндеп іске асқанын тарихтан білеміз. Ұмытпасам, алғаш гуманитарлық мамандықтар даярлайтын оқу корпустары берілді. Ректорат үйі мен Студенттер сарайының құрылысы әлі де жүріп жатқан кез. Сабақ арасындағы үзілісте балконға шығып, бұрын-соңды көрмеген керемет еңбек майданын тамашалап, талай таңданғанбыз.

Университет ректоры қызметін әр жылдары Т.Тәжібаев, Т.Дарханбаев сияқты халық қадірлейтін академиктердің атқарғаны белгілі. Олардың әрқайсысы оқу орнының қабырғасын қатайтып, қалыптасуына аз тер төккен жоқ. Дегенмен Өмірбек Арысланұлының бүгінгі ҚазҰУ қалашығына сіңірген еңбегі алабөтен. Республика және облыс басшылары: Дінмұхамед Қонаев пен Асанбай Асқаровтың қолдауымен ректорымыз Өмірбек Жолдасбеков осы тұста керемет басшы екенін дүйім жұртқа дәлелдеді. Оның аты сол кезден-ақ аңызға айнала бастады.

Өмірбек Арысланұлы ректор болып келгенде біз студент едік. Болашақ журналистерді даярлайтын республикадағы жалғыз факультет болатын. Курсымызда аттары көпшілікке таныс Жүрсін Ерманов, Асқар



**1934 жылы
Коммунистік журналистика институты (КИЖ) болып ашылған оқу орны газеттер үшін зәру мамандық – жазатын тілшілер даярлайтын. Қазақтың абыз ақыны Дихан Әбілев бір естелігінде бітіру емтиханы комиссиясының төрағасы Сәкен Сейфуллин болғанын еске алады. Яғни қазақ журналистикасының басында ұлт қамын ойлаған осындай Алаш арыстары болғаны мақтаныш.**

Егеубаев, Дәуітәлі Стамбеков, Несіпбек Айтов, Тұрсын Жұртбаев, Жанболат Аупбаев сияқты журналистиканың жүйріктері оқыды. Факультетіміз акт залымен қабырғалас бұрышта тұғын. Сол факультет бүгіндері ҚазҰУ-мен қатар торқалы 90-ға келіп жатыр.

1934 жылы Коммунистік журналистика институты (КИЖ) болып ашылған оқу орны газеттер үшін зәру мамандық – жазатын тілшілер даярлайтын. Қазақтың абыз ақыны Дихан Әбілев бір естелігінде бітіру емтиханы комиссиясының төрағасы Сәкен Сейфуллин болғанын еске алады. Яғни қазақ журналистикасының басында ұлт қамын ойлаған осындай Алаш арыстары болғаны мақтаныш. Ол институт кейін, яғни 1941 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің құрамына кірді.

1942 жылы осы оқу орнын бітірген Қайыржан Бекхожин алдымен Қостанай облыстық газетінде редакторлық қызмет атқарып, үш жылдан соң ҚазҰУ-ға қайта оралды. Ол

журналистикадан дәріс оқи жүріп, оқулық та жазды. Сөйтіп, кәсіби мамандар даярлаудың алғашқы үйлестірушісі болды.

Қазақ журналистикасында орны бөлек ардагердің бірі – алғашқы декан Амандосов. Тауман Салықбайұлы 1966 жылы журналистика факультетін филфактан бөліп, өзі соған басшы болды.

Бұрын Әуезовтер жұмыс істеген филфакты басқарған Тауман Салықбайұлының ҚазҰУ-дағы беделі тым керемет болатын. Жүріс-тұрысы, киім киісі, студенттермен қарым-қатынасы ерекше-тін. Кейін ол журналистика мамандығы бойынша алғашқы профессор атанды. Тауман Салықбайұлының сүйегін университеттен шығарып жатқанда бір ақсақалымыздың: «Амандосовта арман жоқ. Университетке еңкейіп кіріп, шалқайып шығып барады», – дегені әлі есімде.

14 жыл (1972-86 жж.) декан болған Қожакеев тұсында журфак университет бойынша алдыңғы орындардан жиі көрінді. Темірбек ағамыз журналист мамандарын даярлаудың дәрежесін жаңа сатыға көтерді. Өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоятын басшы студенттен бастап, оқытушылар құрамына дейін ширатты. «Темекеннің тепкісінен шыққанбыз» дейтін тіркес деканымыздың сол кездегі мінез-құлқына, жұмыс стиліне қарай тарады.

40 жасында МГУ-дегі журналистика факультетінде

(10.01.10 – журналистика) мамандығы бойынша Орталық Азиядан алғаш рет докторлық қорғаған Марат Барманқұловтай таланттар көп болған жоқ. Республикалар тәуелді, Мәскеудің өзінде бұл саладан докторлық қорғағандар ол кезде сау-сақпен санарлық болатын. Оның журналистикадағы деректі жанрлар туралы салыстырмалы талдауы ғылыми ортада резонанс тудырған керемет жаңалық болды. Әсіресе «Әлемге ашылған терезе» деп танылған телевизия жайлы ізденістері өте жоғары бағаланды. Күні бүгінге дейін ол жазған еңбектердің алдына түскендері аз.

Бүгінгі қазақ журналистикасының теориясы мен тәжірибесі осындай тұлғалардың қажырлы еңбектері арқылы қалыптасты. Оларға күні бүгінге дейін дәйек көзі ретінде жүгінеді.

Менің факультетке басшылық жасауым тәуелсіздікпен тұспа-тұс келді. Сондықтан БАҚ-тың қоғамдағы орнын қайта таразылауға, жаңа оқу жоспарын жасауға тура келді. Ол үшін дамыған елдердегі журналистика факультеттерінің тарихын зерделеу, журналистика жоғары мектептерінің іс-тәжірибесімен танысу керек болды. Сол себепті Америка мен Еуропа елдеріне іссапарларға шықтық. Олардың ғалымдары бізге келіп дәріс оқыды. Осылайша тәуелсіз елдегі журналистік білім берудің жаңа стандарттары жасалып, елдік мұраттар алға шықты.

Тәжірибелі журналистер дәріс оқуға тартылып, ғылыми дәреже беретін арнайы кеңес ашылды. Онда 60-тан аса кандидат (10.01.10 – журналистика) диссертация қорғап, қазақ журналистикасының өзекті мәселелері ғылыми айналымға қосылды.

1995 жылы ЮНЕСКО жанындағы бұқаралық коммуникация мен журналистика бойынша дүниежүзілік ОРБИКОМ ұйымына Орталық Азия елдерінен мүше болып қабылдандым. Келесі жылы мамырдың 14-інде сол кездегі ЮНЕСКО-ның бас директоры Фредрико Майордың бірінші орынбасары Аднан Бадран Қазақстанға арнайы ұшып келіп, ҚазҰУ мен ЮНЕСКО арасында шарт жасасты. Келісімшарт негізінде университетте ЮНЕСКО кафедрасы ашылып, ОРБИКОМ мүшесі ретінде мені кафедра меңгерушісі етіп тағайындады.

Осыдан бастап біздің шетелдік барыс-келістеріміз көбейді. Халықаралық гранттар мен ЮНЕСКО қаражаты негізінде факультетте: қалаған спутниктерден хабар қабылдай алатын параболалық антенна орнатылды; дәліздегі бос жатқан жерден радиостудия жасалды; сол сияқты фотостудия, телестудия, компьютерлік класс ашылды. Факультет осылайша оқу үрдісін өркениеттік жолға қою арқылы халықаралық деңгейге көтерілді.

ҚазҰУ оқытушы-ғалымдарын, қызметкерлер мен білім алушыларды университеттің торқалы тоқсан жылдығымен шын жүректен құттықтаймын. Бәріңізге мықты денсаулық, тың шығармашылық ізденіс, ұзақ ғұмыр тілеймін. ҚазҰУ-мен бірге жасай берейік!

Ержан Жатқанбаев – биыл құрылғанына 90 жыл болған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің өсіп-өркендеуіне, Қазақстанның жоғары білімі мен ғылымының дамуына ерен еңбек сіңірген көрнекті қайраткер. Ол – Қазақстан жоғары мектебінің іргелі ойлау, ірі ізденіс, ерен ерік-жігер, ересен еңбек үлгісін көрсеткен, білім мен ғылымның қайнап қорытылып, бір бүтін асыл қазынаға айналу сапасын ұдайы жақсарту үдерісінің қуат көзіне айналған тұрлаулы тұлға.

кеттік университеті ол кезде әлемдегі ең алдыңғы қатардағы университеттердің бірі еді. Ол тұста Кеңестер Одағында одан асқан алып университет болған жоқ. Осындай жоғары оқу орнында бес жыл оқып, ойы мен бойына сіңірген білім нәрі, оқу нәтижесінде алған «Экономист. Экономикалық теория оқытушысы» деген біліктілік, білімі мен біліктілігін осы университеттің аспирантурасында тереңдетіп, ғылыми-зерттеу негіздерін меңгеру Ержан Байғожаұлының ғылыми-педагогикалық қызметінің қандай кезеңдерінде де мызғымас берік негіз, өзінің де, өзгелердің де көңіл көзін ашқандай шырақ іспетті болды. Экономика ғылымдары бойын-



Жасампаздық

Нәрі

ша 1979 жылы кандидаттық, 1995 жылы докторлық диссертацияларын қорғады. Жоғары білім саласында ғылыми-педагогикалық қызметтер атқара жүріп, доцент, профессор ғылыми атақтарын алды, ұлттық және халықаралық ғылым академияларына мүше болып сайланды.

Ержан Байғожаұлы Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасын бітірген соң, еңбек жолын жоғары мектеп жүйесінде ассистент болып бастайды. 1979-84 жылдары ҚР Жоғары білім министрлігінде инспектор болды. 1984 жылдан бері қарай Қазақ ұлттық университетінде аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, институт директоры, проректор қызметтерін абыроймен атқарды. Қазіргі шақта университеттің Экономика және бизнес жоғары мектебі құрамындағы Менеджмент және маркетинг кафедрасының профессоры.

Профессор Е.Жатқанбаев Қазақстанның аса мәртебелі ұлттық университетінде ұстаздық ете жүріп, жоғары мектеп ғылымының дамуына зор үлес қосты. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша 300-ге жуық іргелі ғылыми еңбектері жарық көрді, таңдамалы еңбектері Ресей, Үндістан, Словакия, Польша, Түркия, Австралия және басқа елдердің ғылыми басылымдарында жарияланды. Кейінгі бес жыл көлемінде төрт оқу құралы, екі оқулық, бір монографиясы жарық көрді. Зерттеулерінің басты нәтижелері өндіріске енгізілді, оқулықтар мен оқу құралдары, лекциялық курстар түрінде оқу процесінде қолданылуда, монографиялары жоғары білікті ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау ісінде пайдаланылуда. Ғалымның іргелі еңбектерінің қатарында «Орысша-ағылшынша-қазақша қаржы-банк сөздігі» (Алматы, 2006), «Экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаттары» (Алматы, 2008) сияқты қолданбалы сипаттағы еңбектерінің маңызы мен мәні де жарқырап көрінеді.

негізделген жаңа ғылым пәні, жаңа оқу пәні болды. Ержан Байғожаұлының еңбегі қазақ ғылымы мен білімінің, Қазақстан жоғары мектебінің зияткерлік құндылығына айналды.

Ержан Байғожаұлы тәуелсіз Қазақстанның жоғары мектебінің көшбасшысы – ҚазҰУ зерттеу университетінде экономика ғылымы мен экономикалық білімнің жаңаруы мен жаңғыруының барлық кезеңінде байыпты бастаушы, ұлағаты ұйымдастырушы, білікті басқарушы бола білді. Университеттің философия-экономика факультеті 1991 жылы екі факультет болып қайта құрылды: экономика және социология факультеті; философия және саясаттану факультеті. Экономика және социология факультетінің декандығына Ержан Байғожаұлы тағайындалды. Ержан Байғожаұлы факультет мамандықтары бойынша, ол мамандықтардың әр оқу пәні бойынша жаңа білім мазмұнын анықтау, білім беру ісінің жаңа нормативтік-құқықтық негіздерін жасау, оқу үдерісін жаңа оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету, білім берудің жаңа жүйесіне көшуді толық іске асыру істерін ұйымдастыру, басқару, атқару деңгейлері бойынша ерен еңбек етті. 1997 жылы университеттің екі факультетінің негізінде Экономика және құқық институты құрылды. Институт директоры болып университеттің халықаралық қатынастар және оқу-әдістемелік жұмыстар проректоры Ержан Байғожаұлы тағайындалып, проректор-директор болып екі қызметті қоса атқарды. 2005 жылы институт экономика және бизнес факультеті болып қайта құрылды. Қайта құрылған факультетті басқару Ержан Байғожаұлына тапсырылды. Осы аталған өзгерістер, қайта құрулар негізінде қыруар жұмыстар, қиындықтар тұрды. Олар белгілі бір саланы немесе белгілі бір құрылымдық бірлікті басқарудағы қиындықтар емес, күрделі жүйені басқарудағы қиындықтар еді. Бұл қиындықтардың салмағы да Ержан Байғожаұлына түсті. Өзіне сеніп тапсырылған істің ауырлығынан

да, қиындығынан да қайтқан жоқ, аянбай еңбек етті, басқару мәдениетінің жоғарылығы, басқарудың теориясы мен практикасы, технологиясы саласындағы біліктілігі мен құзыреттілігі әр істе игілікті нәтижелерге жеткізді.

Ержан Байғожаұлы ғылыми-педагогикалық қызметінде жоғары білікті мамандарды даярлау ісіне ерекше мән береді. Философия докторларын (PhD) даярлау оңай емес. Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, философия докторы болатын жас оқуға ғылыми кеңесші-жетекшінің таңдауы бойынша емес, министрлік бекіткен талаптарға сай жалпы конкурс негізінде қабылданады. Екіншіден, тиісті талаптарға сай конкурс негізінде қабылданған докторанттардың ішінде ғылыми-кеңесші талабына сай келетін бір талапкер табылса, онда ол – ғылымның жетістігі. Білім беру, оқыту ісі – ерекше жасампаздық іс. Ұстаздың беретін білімі, қарлығаштың аузындағы бір ұрттам мәңгілік жастық суы секілді, түскен жеріне жасампаздық қасиет береді. Ұстаздың ұсынған білімін шәкірт барықшымен қабылдап, көңіліне тоқып, ұдайы ізденіп, талаптанып отырса, үнемі талаптанумен қатар, толассыз еңбектенетін болса, талабы мен еңбегі әрдайым терең ойлаумен ұштасатын болса, онда ұстаз еңбегімен келген білімнің жасампаздық қасиеті ашылады. Ұстаздың еңбегінің өнуі дегеніміз – ұстаз берген білімнің шәкірттің ақыл-ой кеңістігінде жасампаздық қасиет нәрімен өмір бойы тау шыршасындай көкжасыл болып жайқалып тұруы.

Білім туралы, ұстаз бен шәкірт туралы қанатты сөздер де, сәулетті оялар да аз емес. Ұстаз өзі сарылып іздеген білімінің жақұттай жарқ еткен бір түйірін тапса, шын жүректен қуанады. Осындай табысқа ұстаздың шәкірті жетер болса, оған ұстаз шәкіртінен артық шаттанады. Мұндай шынайы шаттық гүлі ұстаздың өмірінде де, шәкірттің өмірінде де сирек кездеседі, сирек те болса, оның өмірлік мәні үлкен.

Ержан Байғожаұлы мәпелеп өсірген 40-тан астам ғылым докторы мен кандидаттарының, философия докторларының (PhD) ішінде талабымен, талант-қабілетімен, еселі еңбегімен, терең ойымен сүйсіндіргендері де, қуантқандары да болды. Олардың ішінде ғылым мен білімді ұштастырып, өзі сияқты ұстаздық жолды таңдағандары да бар.

Өмірде өшпейтін, көшпейтін білімді ұлағатты ұстаз береді. Ұлағатты ұстаздан алған өшпейтін, көшпейтін білімде мәңгілік қасиеттің нәрі болады. Ержан Байғожаұлының шәкірттеріне берген білімі мен ілімінен шырша мен аршаға қонған жасампаздық қасиеттің лебі еседі.

Ержан Байғожаұлы Жатқанбаев – Қазақ ұлттық университетінің, Қазақстан жоғары мектебінің ғұлама-ұстазы.

Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымының докторы, профессор

Азия білім беру конференциясының БЕРЕРІ МОЛ

Осака университеті, Осака халықаралық қоғамдық саясат мектебі (OSIPP) жанындағы IAFOR зерттеу орталығымен серіктестікте өткізілетін XV Азия білім беру конференциясына (ACE2023) 2023-25 жылдарға арналған әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер саласындағы іргелі зерттеулер бағыты бойынша ЖТН АР19680048 «Қазақстан жастарының әлеуметтенуі мен мәдениетаралық қатысымының негізгі факторы ретінде медиасуаттылығын қалыптастыру мақсатында тілдік және медиа білім беруді интеграциялау әдістемесі» атты жоба бойынша қатыстық. Конференцияға дүниежүзінің 65 мемлекетінен 750 ғалым, соның ішінде Қазақстаннан 14 зерттеуші-ғалымның баяндамалары түскен, алты ғалым (Астана, Алматы, Ақтөбе) офлайн қатысты.



киімдері, университетіміздің брошюрасы мен «Qazaq universiteti» газеті туралы таныстырып өттік.

Презентацияда арнайы ғылыми әдебиеттерді талдау барысында Қазақстанда студенттердің медиасуаттылығын дамыту жолдарын негіздеуге және оқу үдерісінде БАҚ материалдарымен белсенді әрекеттесу арқылы оны жүзеге асыру мүмкіндіктерін бағытталған эксперименттік зерттеулердің тапшы екені айтылды. Тіл мен медиабілімнің интеграциясы жағдайында медиасуаттылықты дамыту құралы ретінде медиамәдениетті қабылдау мен түсінудің негізгі сипаттамалары мен ерекшеліктеріне негізделген тілдерді кіріктірілген оқыту және медиасуаттылық қағидаттарының жүйесі әзірленгенін көрсеттік. Тілдерді кіріктіріп оқыту және медиасуаттылық принциптерінің жиынтығы анықталғанын, шет тіліндегі медиамәдениет мәтіндерімен жұмыс істеуде шет тілінің коммуникативтік құзыреттілігі мен медиасуаттылығын кешенді дамыту қағидасы; пәнаралық интеграция принципі; интермәтіндік принципі және сыни ойлау мен шығармашылық әлеуетті дамыту принциптері негіз болғаны айтылды. Презентация соңында қатысушылар арасында сауалнамалар жүргізілді. Жоба бойынша жүргізіліп жатқан зерттеу нәтижелері халықаралық ғалымдарға, академиялық ортаға таныстырылып, сұрақтарға жауап бердік.

Біздің университетіміздің негізгі стратегиялық мақсаты – жаһандық ғылым және білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті әлемдік деңгейдегі зерттеу университетін құру болғандықтан, ғылыми жобамыз арқылы өзіміздің тамшыдай болса да, үлесімізді қостық деп ойлаймыз.

Конференцияның арқасында әлем ғалымдарымен сұхбаттасу бұйырып, жапон елінің мәдениеті, халқымен танысып, өз көздерімізбен көру біз үшін мол тәжірибе, ерекше сөзбен жеткізе алмас қуаныш сыйлады. Осындай мүмкіндік жасаған Ғылым және жоғары білім министрлігіне, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне алғысымыз шексіз.

Перизат ЕЛУБАЕВА,
Шет тілі кафедрасының
қауымдастырылған
профессоры, педагогика
ғылымының кандидаты

Шолпан ҚҰДЬЯРОВА,
Түркітану және тіл теориясы
кафедрасының аға
оқытушысы, PhD

